

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
5-сынып

Нұсқаулық

Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысушыларға арналған:

Тест тапсырмаларының жалпы саны: 30.

Тест тапсырмасының формасы: ұсынылған 5 жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау.

- 1-15 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.
- 16-25 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 2 балл беріледі.
- 26-30 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 3 балл беріледі.

1-15 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

1. Мезолит дәуірінің үлкен жаңалығы болып саналатын ұсақ жаңқа тастардан жасалған құралдар атауы:

- A) Макролит.
- B) Нуклеус.
- C) Минилит.
- D) Литиус.
- E) Микролит.

2. Мезолит кезеңіндегі адамдардың негізгі кәсібі:

- A) Терімшілік.
- B) Балық аулау.
- C) Аңшылық.
- D) Егіншілік.
- E) Малшылық.

3. Неолит дәуірінде шақпақ (кремний) тастан жасалған ұсақ құралдар табылған өңір:

- A) Аралдың батысы.
- B) Жетісудың оңтүстік-батысы.
- C) Балқаштың солтүстігі.
- D) Қаратаудың шығысы.
- E) Каспийдің солтүстік-шығысы.

4. Теңіз моллюскаларының қабықтарын бұрғылап жасалған моншақ табылған энеолит дәуірінің тұрағы:

- A) Ботай.
- B) Шебір.
- C) Пеньки.
- D) Сексеуіл.

Е) Усть-Нарым.

5. Неолитте саздан жасалған қыш ыдыстың атауы:

- А) Торсық.
- В) Саба.
- С) Көзе.
- Д) Құмыра.
- Е) Таба.

6. Тас дәуірінде ру ішіндегі барлық мәселелер шешілді:

- А) Жалпы жиналыста.
- В) Ақсүйектер жиналысында.
- С) Қолбасшылар жиналысында.
- Д) Рубасылар жиналысында.
- Е) Ақсақалдар жиналысында.

7. «Саналы адам» мен рулық қауымның қалыптасқан кезеңі:

- А) Ерте палеолит.
- В) Мустье.
- С) Кейінгі палеолит.
- Д) Мезолит.
- Е) Неолит.

8. Алғашқы адамдардың бастапқы кезеңдегі топтасу жүйесі:

- А) Тобыр.
- В) Ру.
- С) Көршілес қауым.
- Д) Тайпа.
- Е) Тайпалық одақ.

9. Тас дәуірі мен қола дәуірінің аралық кезеңінің ғылыми атауы:

- А) Палеолит.
- В) Мезолит.
- С) Неолит.
- Д) Энеолит.
- Е) Мустье.

10. Ғалымдардың айтуынша, «Епті адам» өмір сүрген кезең:

- А) Палеолит.
- В) Мезолит.
- С) Неолит.
- Д) Энеолит.
- Е) Қола.

11.Ежелгі адамдардың ұйымы тобыр қалыптасқан кезең:

- A) Ерте палеолит.
- B) Мустье.
- C) Кейінгі палеолит.
- D) Мезолит.
- E) Неолит.

12.Ежелгі адамдардың жерлеу ғұрпында өлген адам үстіне қызыл минерал бояу себу сенімінің ғылыми атауы:

- A) Тотемизм.
- B) Магия.
- C) Отқа табыну.
- D) Шаманизм.
- E) Анимизм.

13.Орта тас дәуіріндегі балалар тобынан ересектер тобына өту үшін жүзеге асырылған:

- A) Тасаттық.
- B) Әменгерлік.
- C) Аластау.
- D) Бағыштау.
- E) Сұрыптау.

14.Ежелгі адамдар тасты жылтырата тегістеуді үйренген кезең:

- A) Палеолит.
- B) Мезолит.
- C) Неолит.
- D) Энеолит.
- E) Қола.

15.Б.з.д. 8 мыңжылдықта Қазақстанда қолайлы климат орнап, қазіргіге ұқсас өсімдіктер мен жануарлар қалыптасқан кезең:

- A) Палеолит.
- B) Мезолит.
- C) Неолит.
- D) Энеолит.
- E) Қола.

16-25 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 2 балл беріледі.

16.Ежелгі тас дәуірінің еңбек құралдары табылған өңір:

- A) Семей.
- B) Павлодар.

- C) Көкшетау.
- D) Жамбыл.
- E) Орал.

17. Мезолит дәуірі шамамен созылған уақыты:

- A) 3 мың жыл.
- B) 5 мың жыл.
- C) 7 мың жыл.
- D) 10 мың жыл.
- E) 12 мың жыл.

18. Неолит дәуірінде адамдар ойлап тапқан еңбек құралдары:

- A) Келі, балта, қайла.
- B) Үшкір тас, қазғыш таяқ.
- C) Қырғыш, тілгіш, қашау.
- D) Бифас, чоппер, чоппинг.
- E) Соқа, кетпен, шалғы.

19. Неолит дәуірі керамика бұйымдарына тән өрнектер:

- A) Геометриялық.
- B) Оюлар.
- C) Гүл мен жапырақтар.
- D) Графикалық.
- E) Теңіз толқындары.

20. 150-ге жуық неолиттік тұрақ, көне кен шығару, жерлеу орындары табылған өңір:

- A) Жетісу.
- B) Маңғыстау.
- C) Сырдария.
- D) Жезқазған.
- E) Тарбағатай.

21. Неолит дәуірінің Шығыс Қазақстандағы тұрағы:

- A) Усть-Нарым.
- B) Зеленая Балка.
- C) Қарағанды.
- D) Сексеуіл.
- E) Шульбинка.

22. Қызылорда облысында Сексеуіл тұрағынан табылған сүйектердің 80%:

- A) Жылқылардікі.

- B) Түйелердікі.
- C) Маралдар мен киіктікі.
- D) Қойлар мен сиырдікі.
- E) Қойлар мен жылқынікі.

23. Кейінгі палеолит дәуіріне жататын 5000 еңбек құралдары табылған Шығыс Қазақстандағы тұрақ:

- A) Усть-Нарым.
- B) Зеленая Балка.
- C) Шульбинка.
- D) Батпақ.
- E) Шабакты.

24. Алғашқы адамдардың тобырдан кейінгі топтасу жүйесі:

- A) Тайпалық.
- B) Әскери демократиялық.
- C) Рулық.
- D) Көршілес.
- E) Фратриялық.

25. Қаратаудағы Қарауңгір мекенінен табылған қыш ыдыстардың дөңгелек түптері боялған бояу түсі:

- A) Сары.
- B) Қызыл.
- C) Жасыл.
- D) Қара.
- E) Көк.

26-30 сұрақтар үшін әр дұрыс жауапқа 3 балл беріледі.

26. Тарихи оқиғалардың хронологиялық ретін анықтаңыз:

1. Беғазы-дәндібай мәдениеті
2. Ботай мәдениеті
3. Андронов мәдениеті

- A) 3,2,1
- B) 1,3,2
- C) 2,3,1
- D) 3,1,2
- E) 1,2,3

27. Неолит дәуірі адамдардың өзіндік дүние танымы болғанын білдіретін:

- A) Қыш ыдыстары.
- B) Баспаналары.

- C) Еңбек құралдары.
- D) Жерлеу орындары.
- E) Әшекей бұйымдары.

28. Мезолит дәуірінің басты жаңалығының бірі:

- A) Мыстан еңбек құралдардың жасалуы.
- B) Садақ пен жебенің жасалуы.
- C) Жылқы малының қолға үйретілуі.
- D) Тас өңдеу технологиясының биік деңгейге көтерілуі.
- E) Қыш ыдыстардың жасалуы.

29. Неолит дәуірінің ең үлкен жаңалығының бірі:

- A) Садақ пен жебенің ойлап табылуы.
- B) Қыш құмыра жасауды үйрену.
- C) Ұсақ жанға тастардың пайда болуы.
- D) Тас пен мыс еңбек құралдарының қатар қолданылуы.
- E) Рулық қауымның қалыптасуы.

30. Мезолит дәуірінің ерекшеліктері:

- A) Өндіруші шаруашылық қалыптасты.
- B) Қыш ыдыстарды жасау, тоқымашылықпен айналысу.
- C) Ежелгі діни түсініктер қалыптасты, рулық қауым пайда болды.
- D) Жануарларды қолға үйрету, дәнді дақылдарды өсіру.
- E) Кен өндіруді бастау, мыстан құралдар жасау.